

Жалпы орта, техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері арасында "Мүмкіндігі шектеулі балаларға қосымша білім беру бойынша жеке маршрутты жобалау" тақырыбында портфолиодан республикалық шығармашылық байқауын қашықтық ұйымдастыру және өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже жалпы орта, техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері арасында "Мүмкіндігі шектеулі балаларға қосымша білім беру бойынша жеке маршрутты жобалау" тақырыбында портфолиодан республикалық шығармашылық байқауын қашықтықтан өткізу ережелері (бұдан әрі - Байқау) байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: үздік педагогикалық тәжірибені анықтау және жалпылау, педагогикалық шеберлікті жетілдіру үшін жағдай жасау.

Міндеттері:

- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- тәрбие үдерісіне заманауи педагогикалық технологияларды енгізу;
- шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерді қолдау.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2015 жылғы 27 тамыз - 30 қазан** аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары 2015 жылғы **26 қазанға** дейін natali091254@mail.ru электронды поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 72-98-99, 87021548384, Абоимова Наталья Владимировна

7. 2015 жылғы **26 қазаннан** кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқауға келіп түскен жұмыстар кері қайтарылмайды.

9. Байқауға қатысу үшін **3000 (үш мың) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, Банк Центр Кредит АҚ.

Иик KZ91856000005068448

БИК КСЖВКЗКХ
БИН 990140004733
Кбе 16
КНП: 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақының мақсаты: «**Портфолио байқауы**». Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, natali091254@mail.ru электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

10. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау 2015 жылғы **30 қазанда** жүргізіледі.

3. Байқаудың қатысушыларына қойылатын талаптар

11. Конкурса қатысуға жалпы орта, техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру, ұйымдарының педагогтері шақырылады.

12. Конкурса қатысу үшін портфолио мынадай талаптарға сәйкес қабылданады.

Портфолионың мазмұнына қамту ұсынылады:

- шеберлі сыныптарының бағдарламалары және әзірлемелер;
- ашық сабақтардың фотоматериалдары;
- оқушы жұмыстарының фотоматериалдары;
- ата-аналар мен оқушылардың пікірлері;
- фотографиялық жұмыстары;
- «жақын даму аймағын» жобалау және қосымша білім беруде осы санаттағы балалардың проблемаларын шешу тәсілдері.

13. Байқау материалдарын ресімдеу талаптары:

Электронды слайд нұсқасындағы портфолионы ресімдеу (тілегі бойынша қосымша бейнеролик қосуға болады).

Портфолионың көлемі 20 слайдтан (титул параған қоса алғанда) аспауы тиіс.

Жұмыс *.ppt немесе .pptx (PowerPoint) редакторы Microsoft Office пакетінің редакторында орындалуы тиіс.

14. Бөтен адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кез келген түрде кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

15. Конкурс жұмысының титул парағында:

- облыс, аудан (қала), ауыл;
- білім беру ұйымының аталуы;
- конкурстың аталуы;
- аты-жөні, автордың жасы.

16. «Мүмкіндігі шектеулі балаларға қосымша білім беру бойынша жеке маршрутты жобалау» байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздардың үздік жұмыстары www.ziyatker.org сайтында жарияланады.

17. Байқауды бағалау критерийлері:

Елеулі критерийлер:

ұсынылған ақпараттың мазмұны (толықтығы, шынайылығы, шығармашылық тәсілдері);

қызметтің әр түрлілігі;

сауаттылығы.

Визуалдық критерийлер:

слайдтарды ресімдеу дизайны (эстетика, жазулардың дұрыстығы, қаріптер үйлесуі, түстер, графика, көрнекілігі);

анимация.

Жобаның құрылымы:

титул слайды, ақпараттың оңтайлы көлемі, соңғы слайд;

материалдардың жіктелуі, ұсынылған ақпараттың логикалық құрылымы.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

18. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

19. Байқау жеңімпаздары тиісті дәрежедегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқасы осы <http://www.ziyatker.org/#!-/cxz0> сілтемеден автоматты түрде жүктеп алуға болады.